



АҚСАҚ АУДАРМА

«Басы таудай, аяғы қылдай».
Қазақ мұндай теңеуді семіз сөйлеп,
арық шыққандарға қаратып айтады.
Өткен жылы «Қазақ жазушыларының
кітаптары шет тілдерге аударылатын
болды» деген хабарды естігенде,
шығарма авторларынан бұрын
кітапқұмар оқырман қуанғаны рас. Енді
сол сүйекті жобадан шикілік шығып
отыр. Яғни өзге тілге тәржімаланған
қазақ қаламгерінің тоғыз кітабының
аудармасы сын көтермейді. Мәселен...

Жазушы Смағұл Елубайдың «Ақбоз үй» трилогиясы испан тіліне аудармашы арқылы емес, компьютердің тілімен аударылған. Нақтырақ айтканда, Google-аудармашы арқылы тәржімаланған

тіліне аударылыпты. Алайда шетелдік оқырмандар шығарманың оқиға желісі мен мазмұнынан түк түсінбеген. КТК телеарнасына берген сұхбатында Д.Исабеков: «Ең қызығы, аудармашының аты көрсетілмеген. Кім екенін білмеймін. Сосын Брюссельдегі таныстарыма оқыттым. Олар оқып шығып «Түпнұсқасын білмеймін, бірақ мынау француз тілі емес», — деді. Сөйтсек, гуғл бойынша аударатын бірнәрселері бар екен ғой. Кезекші тілмен аударылған роман. Ол кітапты кім үшін шығарып отыр? Бұл кітаптар қоймаларда жатыр. Француз тіліндегі романды Париж сұратып алмайды. Оны қайтсін?», — дейді налып. Аудармасын адам түсінбейтін кітаптардың қатарында мүйізі қарағайдай қаламгерлер бар. Мысалы, Кабдеш Жұмәділов, Олжас Сүлейменов, Смағұл Елубай сынды сегіз жазушының шығармасы тәржімаланған. Анау-



СӨЗБЕ-СӨЗ АУДАРЫП, ҰЯТҚА ҚАЛДЫ

көрінеді. Өйткені оны сол испандардың өзі оқи алмайтын сынайда. Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабековтің шығармасын да француздар түсінбеген. Осыған дейін Исабековтің көптеген шығармасы шет тілдерге аударылып, өз оқырманын тапқан. Мәселен, бірнеше пьесасы Еуропа мен Оңтүстік Корея сахнасында қойылып, көрерменнің көзайымына айналып үлгергенін білеміз. Қаламгердің айтуынша, оның шығармаларымен ұлыбританиялықтар да жақсы таныс. Шикілік шығып отырған жоба аясында қаламгердің «Қарғын» романы француз

мынау емес — әлемнің бес тіліне. Алайда «Ақбоз үй» романының авторы да аударма сапасына көңілі толмайды. Смағұл Елубайдың испан тіліне аударылған шығармасын испан тілінің мамандары да ежіктеп әрең оқитыны анық. Паскуаль Торрес 25 жылдан бері испан тілінен сабақ береді. Алайда ол «Ақбоз үй» романын өзі білетін тілде оқи алмай қиналған. Өйткені грамматикалық қатесі былай тұрсын, сөйлем дұрыс құралмаған көрінеді.

(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

JAS QAZAQ – ТУҒАН ТІЛДІҢ ЖАНАШЫРЫ

Jas qazaq газеті шыға бастаған алғашқы күннен бері туған тіліміздің жанашыры, қазақ тілінің қамқоршысы болып келеді. Газетіміздің «Тіл – Майдан», «Тіл – тұғырың», «Мүкіс мүйіс», «Ақсақ аударма» сияқты арнайы айдарлар мен беттің атауы бар. Jas qazaq конференциясында ғалымдар мен тіл мамандары, жазушылар мен журналистер, саясаттанушылар мен студенттер тіл тағдыры төңірегінде талай рет толғанды. Ұтымды ұсыныс айтып, қазақ тілінің ахуалына алаңдаушылық білдірді. Әкім-қаралар мен кейбір билік өкілдерінің қазақ тіліне мұрын шүйіре қарағандарын бетіне басты. Газет осы бағытынан танбай келеді.

Jas qazaq-тың осы еңбегін елеусіз қалмады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына 30 жыл толуына орай, мемлекеттік тілдің мерейін асырып, абыройын арттырып, қолдану аясын кеңейткені үшін Jas qazaq газетінің ұжымын Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттады. Осы аптада Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев ғалымдар мен қоғам қайраткерлеріне, жазушылар мен журналистерге Президенттің Алғыс хатын тапсырды. Олардың арасында «Мемлекеттік тілге құрмет» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Асылы Осман,



халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Өмірзақ Айтбаев, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Кенжетан Матыжанов, жазушы Смағұл Елубаев, Халық жазушысы Мұхтар Шаханов, А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек, осы институттың бас ғылыми қызметкері Телкожа Жанұзақов, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Мереке Құлқенов, жазушы-публицист Жұмаш Кенебай, сонымен бірге Jas qazaq ұлттық апталық басылымының Бас редакторы Срайыл Смайыл да бар.

Кездесу барысында жиналғандар мемлекеттік тілді одан әрі дамыту, оны қала тұрғындары арасында дәріптеу мәселелерін талқылап өзара пікір алмасты. Сондай-ақ, мектеп кітапханаларын қазақ жазушыларының кітаптарымен және интернет базасын қазақ тілді контентпен толықтыру ұсынылды.



АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Ел арасында айтары бар, орынды, оқшау сөзімен көрініп жүрген қариялар баршылық. Солардың бірі де бірегейі – көрнекті ғалым Амангелді Айталы. Жоғары оқу орнында дәріс беретін білікті маман, білімді азамат, айтулы қоғам қайраткерімен болған әңгімеміз бүгінгі білім сапасы, болашағынан үміт күткен жастарымыздың білімдарлығы, келешек көкжиегі төңірегінде өрбиді. Әңгіме арасында Сирияға кетіп адасып жүрген қарақөздер туралы да сөз болды.



Амангелді АЙТАЛЫ, саясаттанушы:

ДОКТОР ДӨКЕЙЛЕР ЛЕКЦИЯ ОҚИ АЛМАЙДЫ

Jas qazaq: Амангелді аға, білім және ғылым министрі соңғы сұхбаттарының бірінде осы салада жемқорлықтың бар екенін айтты. Сіз де сабақ бересіз, оқытушысыз. Жемқорлықтың білім саласын жайлауының салдары қалай болып жатыр?

А.Айталы: Пара алатын оқытушы «Мен пара аламын» деп айтпайды. Бұл арада мына нәрсенің басын ашып алайық. Білім саласын жемқорлық жайлап алды деу – қате. Білімнің әлсіреуі немесе ғылым саласындағы кейбір түйткілдер жемқорлықтан туындап жатқан жоқ. «Диплом сатылады екен», «Баға сатылады екен» деген әңгімені жоғары жаққа жеткізетін адамдар бар. Мен Күдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде жұмыс істеймін. Бізде диплом сатылған емес. Диплом сатылатын жер бар болар. Алайда «Жоғары оқу орындарында жаппай диплом сатылып жатыр» деу – оқытушыларды қаралау. Барлық педагогтарды қаралау. Әрі-беріден соң осыны айтып отырған министр өзін-өзі қаралап отыр. Осындай қанқу сөзді естіген қарапайым адам «Оқып қайтемін? Университетке барсам, дипломды сатып алмаймын ба?» деп ойлайды. «Бір тал құмалақ бір қарын майды шіргетеді» деген сөз осындайdan шыққан екен ғой.

Jas qazaq: Аға, сіздің неге шыр-пыр болып отырғаныңызды түсінемін. Оқытушы болған соң, өзіңізге күйе жакқыңыз келмейді. Алайда ақшаға баға қою, дипломды ақшаға жаздыру деген сияқты дүниелер университеттерде бар емес пе?

А.Айталы: Сұрағыңыздың төркінін түсініп отырмын. Бір қора қойдың ішінен бір-екі қотыр саулық шығады ғой. Бұл да сондай әңгіме. Бірақ оқытушы-ұстаздардың бәрі ақша алады екен деу – түбірімен қате. Көпке топырақ шашу, бұл. Қазір оқытушылар емтихан алмайды. Студенттер емтиханды компьютер арқылы тапсырады. Диплом жазатындар да, дипломды көшіретіндер де бар. Бірақ бәрі емес.

Jas qazaq: Бірнеше жыл бұрын әкім-қаралар, шенеуніктер жаппай оқып, диплом алып кетті. Кейбір әнші-әртістер үшін де магистратура мен докторантураға түсу «модаға» айналды. Бұған не дейсіз?

А.Айталы: Әкімдер мен кейбір бастықтарға диссертация жазып беретіндер болды. Оны жоққа шығармаймын. Қазір азайды. Бұл бірнеше жыл бұрын болған жағдай. Диссертация, кандидаттық дегендер кейбір министрдің немесе әкімдердің кеудесіне тағатын «значок» сияқты болды. Алайда сол өткен жағдайға қарап, қазіргі оқытушыларды құстаналау дұрыс емес. Сол сөздің арасында мен де кетіп қаламын. Оған жаным, арым төзбейді.

(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР


МҮНАЙ (brent)
59,10

DOLLAR
389.91

EURO
430,27

РУБЛЬ
6,06

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Параға –
кондиционер

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Елімізде халыққа дәрігерлік қызмет көрсетудің оңтайлы жолын табудың амалы барынша қарастырылып келеді. Дегенмен, алдағы уақытта осы салада бірқатар өзгеріс болмақ. Алайда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мен ерікті медициналық сақтандыру арасындағы айырмашылық қызмет сапасына кедергі келтірмей ме? Осы секілді түйтікідер кеше Мәжіліс төрінде сөз болды.

медициналық көмек көрсету саласында мемлекеттік бақылауды күшейту көзделіп отыр. Одан өзге де бірқатар түзету де дәрігерлердің жауапкершілігін арттырады. Бұл төніректе министр: «Көрсетілген түзетулерді қабылдау нәтижесінде медициналық көмек неғұрлым қолжетімді, оның ішінде ауылдық жерде қолжетімді болады. Алғашқы медициналық көмек жақсарады. Қызмет көлемдерінің шекарасы анықталады. Жұқпалы емес негізгі ауруларды анықтау жетілдіріледі. Көрсетілетін медициналық көмектің сапасын бақылау күшейтіледі», — деді. Әрине, айтуға оңай болғанымен іс жүзінде қалай болары да жұртты ойға қалдырады. Алайда қазіргі бағыт-бағдар медицина саласының қалай

халықтың денсаулығына, экологияға байланысты медициналық қарсы көрсетілім саны артып келеді. Әкімшілік жауапкершілік бойынша норма енгізілген жоқ. Әріптестердің көбі қарсы болғандықтан, оны кіргізген жоқпыз. Бірақ міндетті екені көрсетілген», — деді.
Өкінішке қарай, екпе салмау салдарынан балалардың жұқпалы дертке ұрыну деректері көбейген. Ата-аналар үшін ешқандай жауапкершілік қарастырылмағанымен, олардың болашағын ойлау қажеттігі маңызды болып тұр.
Темекі мен ішімдік сатушыларға қосымша салық салып, оны міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударуға да ұсыныс жасалды. Жалпы кодекс жобасы

Әлеумет.т⁰



БЛОГЕРДІ ЖАРЫЛҚАДЫ

Әкімдер өздерінің имиджі үшін ақша аяр емес. Мәселен, ШҚО әкімдігі блогерлер үшін 130 миллион тенге бөлдіріпті. Танқалмай көріңіз, кәне! Блогер түгілі, кейбір мүйізі қарағайдай редакторлардың өзі газеті мен журналын шығаруға ақша таппай отырғанда, 10 жол пост жазатындарға мұншама қаржы бөлудің қажеті қанша деген ой туалды екен.

Қызғанып отырған жоқпыз. Бірақ мемлекет қаржысын екі сөздің басын қосып, бір сөйлеммен қайыратын блогерлерге жұмсау — құмға құйған сумен тең емес пе?! Ахметов біздің ақылды ала ма? Әйтпесе, сол 130 миллион тенге — республикалық деңгейде таралатын бірнеше газеттің кемі 4-5 жылдық азығы.

Azattyq Rýhu порталына сұхбат берген ШҚО-ның ішкі саясат басқармасындағы мамандар өңір басшысының имиджі үшін барлық БАҚ-қа жарты млрд тенге бөлінгенін айтқан. «2019 жылы электронды және баспа бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен 576 780 500 тенге бөлінген» — депті. Бұл жарнамалық материал жаздыруға облыстық бюджеттен қарастырылған бір жылдық бюджет ғана.

Біздің қолға қалам алдырған бұл миллиондар емес. Мұның ішінде бірнеше ақпарат құралдары бар. Оның үстіне, жарнаманың аз ақшаға жасалмайтынынан біз де хабардармыз. Ал баспаханаға, тілшіге ақша төлемейтін, қара басынан басқа көк тиын шығыны жоқ блогерлерге миллиондап қаржы төлеуді, журналист ретінде біз түсіне алмадық. Түсінгіміз келген, бірақ соншама көп ақшаға ішіміз ашып отыр. «Судың да сурауы бар» емес пе. 130 млн тенгені әкім өз қалтасынан беріп отырса, өңгімеміз жоқ еді. Ол — халықтың, қазынаның ақшасы.

Блогерлер дегеннен шығалы, биыл «Рухты Алтай», «Абай жолымен» сияқты бірнеше блогтурмен Астана, Алматыдан біраз блогшы шығысты шыр айналып шықты. Барған жері, көрген қызығы туралы тамсана жазып, алған ақшаларын ақтауға тырыскандарын әлем-желіден көрдік. Өңірдегі ішкі саясат басқармасының мамандары «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдарға әлеуметтік желіде белсенді жұмыс істеп, халықпен кері байланыс орнатуды тапсырған болатын. Әлеуметтік желіде, соның ішінде, блогерлерді тарта отырып, осы тапсырманы сапалы орындау үшін, сондай-ақ халықпен тиімді кері байланыс орнату үшін жергілікті бюджеттен 130 000 000 тенге бөлінген», — деп, әлгі миллиондардың себебін түсіндіріпті. Ақталу да емес, ақиқаты сол: әкім имиджін көтеру керек, істеген жұмысын әлеуметтік желіде көрсету қажет. Басқа түк жоқ.

«Бояушы, бояушы десе, сақалын бояпты» дегендей, блогер шақыру керек деген тапсырманы орындау үшін жауаптылар көрші Қытайдан да блогерлер шақырыпты. Олар тамыз айында келген. Өңірдің туризм және сыртқы байланыстар басқармасы Kazakh Tourism ұлттық компаниясымен бірге Қытайдан келген тревел-блогерлерді күтіп алып, қазақтың көркем жерін түгел аралатыпты. Шетелдіктер Қатон-Қарағайды, Рахман кайнарын, Берел қорымдарын, Бұқтырма су қоймасын көріп, Алтай тауларына барып демалып, саяхаттап қайтқан. Шығын — әлгі 130 млн тенгеден шыққан болар. Өзіміздікі болса, бір сәрі! Ал шетелдің блогерін шақыру, шығындалу кімге, не үшін керек болды екен?

Ахметов біздің ақылды алсын ба? Имидж жасау керек болса, сол 130 млн тенгені газетте қағаз жеп, телеарнада табанынан таусылып жүрген 13 тілшіге пәтер алып бергенде, басқаша болар ма еді. Солай жасаса ғой, шіркін, әкімнің беделі бұдан да биік болар еді.

Жарас КЕМЕЛЖАН



Антаның

сауалы

Бақытгүл ХАМЕНОВА, Мәжіліс депутаты:

— *Елде әскери қызметке алынған әрбір екінші бала ауру. Қазақ: «Рухыңды қорғаймын десең, ұлыңды қорға», — дейді. Ұлды қорғамасақ, ертең елді қорғай алмаймыз. Әскерге алынып жатқан бозбалалардың жағдайына қандай шара қолданбақышысыздар?.*

жауабы

Елжан БІРТАНОВ, денсаулық сақтау министрі:

— *Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан денсаулық сақтау министрлігі атқарушы органдармен бірлесіп, 2020-2025 жылдарға арналған денсаулық сақтау саласын дамыту бағдарламасын әзірлеп жатыр. «Біздің жоспарымызға сәйкес бұл жұмыс аяқталып келеді. Мемлекеттік бастаманың ең негізгі бағыты — балалар мен жастардың денсаулығы. Соның ішінде, әрине, әскери қызметке дайындау, репродуктивті денсаулық, дені сау ана болу мәселелері де қарастырылады.*

Бұл қалай?



Дереккөзі: қаржы министрлігі

Талғат МҰСАБАЕВ, сенатор:



«Азаматтық авиация академиясында қашықтықтан оқуға рұқсат берілген. Не сұмдық?! Бұл бассыздыққа қарамастан, азаматтық авиация академиясы бюджеттен тағы 76 млрд тенге сұрап отыр. Ол жерде ұшқыштарды оқытуды тоқтату керек. Ол жұмысты өуе қорғанысы күштерінің әскери институтына жүктеуге болар еді. Үнемді әрі тиімді, ең бастысы, нәтижелі қадам жасаймыз».



Бекен СЕЙДАХМЕТОВ, азаматтық академия ректоры:

«Бізге 76 емес, 10 млрд тенге керек. Оның жартысы жатақхана салуға, қалғаны оқу орталығын жасақтау үшін қажет. Сонда еуропалық стандарттарға сай шөкірт дайындауға мүмкіндік, туады. Ал азаматтық пен әскери авиацияны біріктіру қателік».

ПАРАҒА – КОНДИЦИОНЕР

Параны ақшалай емес, қой мен көлік алғанды көргенбіз. Ал Маңғыстау облысындағы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысының орынбасары қысқы суықтан қорықса керек, параға кондиционер алыпты.



Бұл туралы облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметін хабарлады. Басқарма басшысының орынбасары облыс аумағында жұмыс істейтін шетелдік компания жұмысшыларының визасын ұзартып беруге уәде беріп, қызметіне кондиционер алыпты. Ол бұған дейін де компания басшыларынан 500-100 АҚШ доллары көлемінде пара алып келіпті. Қазіргі таңда аталған іс бойынша тергеу амалдары жүргізілуде.

(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Сізге өз көзіммен көрген бір жағдайды айтып берейін. Биыл бір танысым биология бойынша PhD докторантураны бітіріп, диссертация қорғады. Қатарынан 5 жыл қорғай алмай жүрген. Жетекшілері «Грамматикасы дұрыс емес. Қазақшалап жазып кел» деп бірнеше рет қайтарған. Маған келді: «Журналиссін ғой. Қазақшалап берші» дейді. Екі түн отырып жасап бердім. Үш жыл оқыған, бес жыл қорғай алмай жүрген, маған мүлдем бейтаныс биология пәнінің диссертациясын журналист редакциялап, қайта жазып шықты. Осыдан кейін білімнің сапасына бірдеме айтудың өзі ұят сияқты?

А.Айталы: Өзі жазбаған ба?

Jas qazaq: Арнайы сайттан алған көрінеді.

А.Айталы: Міне, мәселе қайда жатыр? Олар Ресейдің диплом сататын, диссертация жазып беретін сайттарынан сатып немесе көшіріп алады. Оны компьютерге салып, автоматты түрде аударады. Бірақ бұл жерде пара жоқ. Бұл — плагиат. Бұл жемқорлық емес. Бұл білімнің сапасы, білімнің саудасы.

Jas qazaq: Білімде плагиат көп пе, қалай ойлайсыз?

А.Айталы: Қазір плагиатор деген аппарат шықты. Жақсы жұмыс істейді. Мысалы, жазған еңбегіңіздің қанша пайызы

өңірлік мемлекеттік университетіне магистратураға тапсырған студенттердің біразы сынақта құлап қалды. Жалпы, магистратураның мән-маңызы кетті. Магистратураның білім сапасы да нашар. Жұмыс істеп жүріп, жүрдім-бардым оқиды. Сөйтіп жүріп, жүздеген-мыңдаған магистранттар шықты. Олар оқуға қалай түсті? Оны тексеріп, тергеп отырған министрлік жоқ. Арнайы комиссия құрып тексеру керек еді.

Тағы да қайталап айтамын. Жастардың арасында білімділері бар. Әсіресе, жаңа технология саласында, жаратылыстану пәндерінде озық мамандар жоқ емес. Ал филология, тарих сияқты қоғамдық пәндерді оқып жүрген жастардың арасында ізденбейтіндер, кітапханаға бармайтындар, сөйтіп, ілініп жүріп магистр, PhD ғылым докторы болатындарды көзіміз көріп жүр.

Jas qazaq: Қазір магистр немесе PhD ғылым докторы көп. Бірақ ғылым саласында аты озып, жалпақ әлемді

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



жүрген жас маман. Бірінші жігіт үш жыл бойы диссертациясына қажетті

сөйлемесе, бәрі дұрыс деп бас шұлғып отырса, жақсы жалақы алады. Қай салада болсын, ондайлар бар. Бұл — заңдылық. Ал «Неге осындай депутаттар отыр?» деп мәселе көтеретін халық. Сайлау жүйесі де оған жол бермейді. Депутатты партия сайлайды. Партияға жақпаса, оны алып тастай салады. Мәселенің түйіні осында.

Jas qazaq: Осы кемшіліктің бәрі қазақ болмысының өзгеруінен емес пе? Мысалы, бұрын біз қызтеке дегенді естігеніміз болмаса, көрмейтінбіз. Қазір қызтекелер өздерін ашық жарнамалайды. «Көгілдірлер» туралы әңгіме, тіпті қорқынышты. Ал сәбиін сататын көкек аналар мен ажырасқан жастардың саны үйленгендерден асып кеткенін айтудың өзі ұят. Бұған қалай жеттік?

А.Айталы: Демократия деген бар, оны еркіндік деп түсінеміз. Демократия деген шексіз. Біздің кейбір азғындап кеткен жастарымыз соны пайдаланғысы келеді. Қызтекелер мен көгілдірлер үшін демократия деген осындай азғын өмір. Батыс осындай азғындықты да демократия деп түсінеді. Қазақстан халқының 70 пайыздан астамы —

Батыста әкесі де, қызы да демократияны қолдайды. Қызы айтады: «Әке-шеше, мен кәмет жасқа толдым. Енді өз денеме өзім қожамын. Тәнімді сатамын ба, жезөкшелер үйіне барамын ба? Өзім білемін» — дейді. Сол жезөкшелер үйінде демократияны қолдайтын қызы мен әкесі кездесіп қалуы мүмкін. Өйткені демократия ғой.

мұсылман. Сондықтан, заң қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, құндылықтарын ескеруі керек. Демократияның өз жөні бар. Ол ұлттық құндылықтармен үйлеспесе, ондай демократия апатқа алып келеді. Әдетте біз Батыстың саяси демократиясын алмаймыз, ал мынандай жағына келгенде адам құқығы, анау-мынау деп шыға келеміз. Батыста әкесі де, қызы да демократияны қолдайды. Қызы айтады: «Әке-шеше, мен кәмет жасқа толдым. Енді өз денеме өзім қожамын. Тәнімді сатамын ба, жезөкшелер үйіне барамын ба? Өзім білемін» — дейді. Сол жезөкшелер үйінде демократияны қолдайтын қызы мен әкесі кездесіп қалуы мүмкін. Өйткені демократия ғой. Міне, демократия деген желеумен Батыс көптеген ұлттық құндылықтарынан айырылып қалды. Халық қолдамағанды демократия деу — қателік. Тыйым болмаған жерде мемлекеттің тыныштығы кетеді.

Jas qazaq: Сіз Ақтөбеде тұрасыз. Өзіңіз тұрған қаладан Сирияға жиһадқа кеткендер өте көп. Бұл неден: географиялық жақындықтан ба, әлде соқыр сенімнің жетегі ме?

А.Айталы: Сирияға кетіп жатқандар жалғыз қазақстандықтар емес. Әлемнің 80 елінен бар. Мұның арғы түбі — діни ынтымақтастық дегеннен келіп шығады. Осыған ұқсайтын бір мысал айтайын. Ауғанстан өзімен-өзі отырған бейбіт ел еді. Совет үкіметінің әскері басып кірді де, ауған елінің ішкі ісіне араласты. Ауғанға соғысқа барған әскери шені бар ардагерлер «Біз интернационалдық борышымызды өтедік» — дейді. Дұрыс. Оларды Совет үкіметі жұмсады, барды. Қазір бізге басқа елдің, басқа діннің адамы келіп «Бұлай өмір сүрулеріне болмайды. Ислам дінін ұстанбаңдар» десе, сіз не істейсіз? Соның айтқанына көнесіз бе? Совет Одағы кезінде 15 мемлекетке біздің әскерлер көмектесуге барған екен. Ішкі мәселесін шешуге. Бірақ біреуінде ойлағаны болмады, айтқаны орындалмады.

Сол дәстүр, сол ынтымақтасты желеу ету — қазіргі Сирияға кетіп жатқандардың да бойында бар. Бұлар да өздерін мұсылмандарға көмектесуге бара жатырмыз деп түсінеді. Бұл жалған бауырластық, жалған ынтымақтастық, рухани таяздық. Қысқасы, ілгеріден жалғасып келе жатқан сүйекке әбден сінген дерт. Мен мұны осылай салыстырамын.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН



ДОКТОР ДӨКЕЙЛЕР ЛЕКЦИЯ ОҚИ АЛМАЙДЫ

плагиат, соны дәлме-дәл анықтайды. Бұл мұқтаждықтан, яғни плагиаттың көптігінен шыққан дүние ғой. Алдымен, Еуропада пайда болды. Бірақ бір кездері диссертацияларын қорғап алған министрлердің, олардың орынбасарлары мен әкімдердің — біреуінің жұмысы плагиатр аппараттың тексеруінен өткен жоқ. Ал Батыс елдерінде қорғаған еңбегін плагиат аппаратынан өткізіп, жұмысынан алып жатыр. Бұл талап бізге келсе, қаншама шенеуніктің дипломынан айырылатынын бір Құдай біледі. Сол дөкейлер аудиторияға келіп, бір сағат лекция оқи алмайды. Өйткені білім деңгейі жетпейді оған.

Jas qazaq: Осыдан 5-6 жыл бұрын әртістер, эстрада әншілері магистратура мен докторантураға жаппай түсті. Не қажеттілігі болды деп ойлайсыз?

А.Айталы: Еш қажеттілігі жоқ. Олар ғылым магистрі болып, университетте сабақ бере алмайды. Оларға «Мен магистрмін, не болмаса ғылым доктормын» деген атак қана

мойындатқан жас ғалымды байқай алмаймыз. Неге?

А.Айталы: Бір жігітті білемін. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетке тарих факультетінің магистратурасына түсті. 2 жыл оқыған. Оны бітіріп, тағы екі жыл бір діни университетте теолог болып білім алған. Екі дипломы бар. Тарихтан магистратураны қорғаған. Теолог дипломы тағы бар. Ақтөбеге қайтып келді. Сол жігітпен жұмыс істеп көрдім. Деңгейі өте төмен. Мен әлгі жігітке «Шырағым, сен екі кемеңнің құйрығын ұстап, далда қалғаның ғой. Не тарихшы емессің. Не дінтанушы емессің» — дедім. Өзі екі дипломының барына нанады. Соған риза. Тарихтан болмаса, дінтанудан сабақ береді. Бұл — қулық.

Білімдегі жеңіл жүрістілердің алаяқтығы.

Қысқасы, мұның бәрі білімдегі

инфляция. Тенге қалай құнсызданса, білім де солай құнсызданып кетті.

Білім саласындағы ақша — ата-аналардың қаржысы. Мемлекет білімнен әлдеқашан теріс айналған. Ал грантка берілетін қаржы студенттің білім алуына толық жетпейді. Ең соңғы технологиямен оқуына, ғылыми әдебиетпен білім алуына, көптеген лаборатория эксперимент жасауға жетуі керек. Тіпті шетелге барып, іс-тәжірибеден өтуге, тарих факультетінде оқитын студенттер үшін археологиялық қазба жұмыстарға қатысуға, этнографиялық экспедицияға шығуға жетуі керек. Бірақ ол оған да жетпейді. Тіпті студенттің қарынның қамын ойламай алаңсыз білім алуына да жетпейді. Міне, осындай түйткілдің себебінен білім құлдырап кетті.

Кенес үкіметі кезінде бір фермада 400 сауын сиыр болса, соның қырық шактысы ғана сүтті болатын. Қалғаны санақты толтырып жүреді. Қазіргі білім жағдайы солай. Мемлекет 4-5 ұлттық университетке ғана ақша бөледі. Қалғаны өз жанын өзі бағып отыр.

Jas qazaq: Бір деректерден көзім шалып қалды. Бүгінгі күні 2 миллионға жуық адам өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді екен. Олардың арасында мыңдаған, он мыңдаған магистрлер бар, жүздеген PhD ғылым докторы жүр. Осыдан келіп көптеген салада білімі жоқтар жұмыс істейді. Кейбір жақсы жұмыстарға білімі барлар бара алмайды.

А.Айталы: Ондай қайшылық бар.

Jas qazaq: Былтыр екі студенттен сұхбат алдым. Бірі — Алматыдағы әлдебір университеттің докторантурасын бітіріп, диссертациясын қорғаған. Екіншісі — шетелден оқып келіп, ғылыммен айналысып

экспериментті ала алмапты. Зертханадағы құрал-жабдық, қажетті химиялық коспалар



аз болған. Соңғы курсында Оңтүстік Кореяға барып, өзімізде үш жыл бойы қол жеткізе алмаған нәтижені екі аптада алып, диссертациясын жазып қайтыпты. Ал екіншісі шетелден оқу бітіріп келіп, еліміздің ғылымға бөлінген тендері арқылы топырақсыз, сусыз қызанақ өсірмекші болады. Бірақ үш жыл салпақтап жүргенде, оған 1 миллион тенге әрең бөлінген. Оның 300 мың теңгесін салыққа, анау-мынауға ұстап, қолына 700 мың тенге тиіпті. Ал оған талап еткен жұмыстың көлемі әлгі 700 мың теңгенің бірнеше есесі. Ғылымда осындай кемшілік пен қарама-қайшылықтар бар емес пе?

А.Айталы: Ғылыми лабораториялық базаға ақша бөлінбейді бізде. Тіпті қарастырылмайды. Сондықтан, көптеген ғылыми эксперимент жасауға мүмкіндік жоқ. Сіз айтып отырған алам — бір адам ғой: Қазақстанда үш жыл эксперимент ала алмаған, Кореяға барып диссертациясын жазып келген. Адам — біреу, нәтиже — екі түрлі. Университеттер мен студенттердің саны жағынан мақтанғанымызбен, білім сапасы жағынан ұяттымыз.

Jas qazaq: Депутат болдыңыз. Парламенттегі ең өткірі сіз болдыңыз. Сол асқағалылардың арасында 5 жылда бір ауыз сөз сөйлемей, басын изеп, ұйықтап кететіндерін де болған шығар? Аты-жөні түгілі, тұр-түсі де белгісіздерін кейде телеарнадан байқап қаламыз. Олар қалай депутат болған? Ай сайын миллион теңгеге жуық еңбекақы төлеп отырған соң, билік сол ақшаның өтеуін неге сұрамайды?

А.Айталы: Бұл ақшаны кім талап етеді? Билік олардан 5 жыл бойы тып-тыныш отырғаны үшін, үндемегені үшін, парламентте дауыс көтеріп, «тәртіп» бұзбағаны үшін мақтайды. Сол үшін ай сайын миллион теңгеге жуық айлық беріп отыр. Журналистер арасында да бар ондайлар. Билікке қарсы

Тақырыпқа орай

Қазірет БЕРДІХАН, ОҚЫТУШЫ:

Атақты университетте аға оқытушы болып аптасына 21 сағат сабақ беремін. Айлығым — 90 мың теңге. Бір студентім кешкі бос уақытында мейрамханада даяшы болып жұмыс істейді. Оның айлығы — 120 мың теңге. Айына 120 мың табатын адам 90 мың табатын адамның ақылын ала ма? Не деп ақыл айтамын? «Жақсы оқысаң 30 мың теңге аз ақша табасың» — деп айтамын ба?! Мені қойшы, қосымша табысым болған соң жүре беремін. Әйел азаматтарда шыдайтын шығар. Бірақ, мұндай жақалыға отбасы бар, балалы-шағалы және ақылы бар ер адамның жүруі мүмкін емес. Бұлай кете беретін болса, білім саласында жұмыс істейтін еркекті емге таппайтын боламыз.



керек. Осыны сүзгіден өткізу керек. Ғылымға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын әртис неге магистрант болады? Оған неге мемлекеттің грантын беруіміз керек? Ол бәрібір ғылыммен айналыспайды, жаналық ашпайды. Бірақ ол мемлекет бөлген тегін грантпен оқиды. Оның орнына ақшасы жоқ, ғылыммен айналысқысы келетін жасты оқытсақ, мемлекетке беретін пайдасы мол болар еді. Яғни мемлекет білімге бөлген ақшасын анау студент арқылы қайтарып алар еді. Әртис пен әншіге кеткен ақша — құмға құйған сумен тең.

Қара рецензент деген болады. Дүрмекпен қорғалып кеткен диссертация, докторлық жұмыстарды сол арқылы да анықтауға болады. Министрлік соны да қолға алмай отыр.

Jas qazaq: Білім туралы сұрақ болған соң, тағы бір сауал туып отыр. Бүгінгі білім деңгейі мен өзіндік студент кездегі жастардың білім деңгейін салыстыра аласыз ба? Мысалы, қазіргі магистр немесе PhD ғылым докторы бұрынғы аспирантура мен ғылым кандидаттың деңгейіне жете ме?

А.Айталы: Бұл адамына байланысты.

Мысалы, биыл Жұбанов атындағы Ақтөбе

(Басы 1-бетте)

СӨЗБЕ-СӨЗ АУДАРЫП, ҰЯТҚА ҚАЛДЫ

Испан тілінің мұғалімі «Оқып шыққан соң былай дер едім. Испан тілді адамның бұл кітапты түсінуі өте қиын. Өйткені әдеби стилистикасы мүлдем жоқ», — дейді. Бұл кітаптар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәржімаланып, жарық көрген. Тапсырыс беруші — Ұлттық кітапхана. Алайда ондағылар тәржіма тіліне жауап бермейтін көрінеді. Өйткені қазақ жазушыларын шет тілге аударуды тендер арқылы жеке компания ұтып алған. Сондықтан аударма сапасына солар жауап береді. Осылай қысқа қайырған. Ұлттық кітапхана қызметкері Сәлима Тұякова: «Мемлекеттік сатып алу порталында



тапсырыс берілген. Осы жобаны «Астана персонал» компаниясы ұтып алды. Жобаның мақсаты — шетел оқырмандарына қазақ шығармаларындағы тарих, салт-дәстүр, мәдениетті ашу. Тарихи романдарды мониторинг арқылы іріктеп алғанбыз. Бұл жоба аясында үлкен жұмыстар атқарылды. Үш жылға жоспарланған. Былтыр осы 9 автордың шығармалары БҰҰ-ның бес тіліне аударылды. Ағылшын,

француз, испан, араб және қытай тілі, — деп, аудармашыға жарымаған кітаптардың жайын түсіндірді.

Әлгі аудармасын адам түсінбейтін тоғыз автордың бес тілге тәржімаланған кітаптарына қанша қаржы кеткені белгісіз. Ал «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында алдағы екі жылда тағы 18 автордың еңбегі өзге тілге аударылады. Оны кім аударады, қалай аударады? Тағы да гуғл-аудармашыға беріп, не өзіміз, не өзге түсінбей отырмасaq болды. Бәрі уақыт еншісінде.

Жарас ШӨКЕ

Демеу

Еліміз тұрғындарының 9,7 миллионын әйелдер құрайды. Олар халық санын көбейтіп, ел экономикасын еселеуге барынша үлес қосып келеді. Гендерлік дамудың жаһандық рейтингінде былтыр өліміз «әйел адамдардың саясатқа қатысуы» индексі бойынша 94 орынды иеленді. Әзірше облыс және қала әкімдері арасында бірде-бір әйел адам жоқ. Ақжаулықтылардың 15% ер адам өз жұбайына қол көтеруге құқылы деп санаса, ауылдық жерлерде әрбір бесінші әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықты қалыпты жағдай ретінде санайды. Сонымен қатар қыз-келіншектердің жалақысы ерлерге қарағанда 30% төмен. Бұл деректер осы аптада Алматыда «Қазақстан әйелдері күштерінің альянсы» өткізген жиында айтылды.

әйелдері күштерінің альянсы» кезең-кезеңімен нақты жоспар бойынша жұмыс атқаратын болады», — деді. Альянс қыркүйек айынан жұмысын бастады. Құрамына әйелдер мен балалар құқықтарының бұзылуымен күресетін, гендерлік теңсіздік мәселелерін шешу және әйелдердің саясатта, экономика мен қоғамдық қызметте алға басуына мүмкіндік жасаумен айналысатын 20-ға жуық әйелдер ұйымы кірді. BIGNAME репутациялық менеджмент агенттігінің жетекшісі

биліктің атқарушы және мемлекеттік құрылымдардағы үлесін 30% дейін арттыру. Сондай-ақ партиялық тізімге ер адамдармен тең құқылы жағдайда «Зебра» қағидаты бойынша ұсыну. Облыстық мәслихаттарды тең құқылы жағдайда қалыптастыруда 50/50 жүйесін енгізу», — деді. Жиын барысында әйелдердің қазіргі қоғамдағы рөлі, ана мен баланың, әсіресе көпбалалы аналардың әлеуметтік жағдайы сөз болды. Елімізде әйелдердің экономикалық мәртебесі ер адамдарға қарағанда төмен. Жұмысбасты әйелдердің басым бөлігі, яғни 72% қызмет көрсету саласында жұмыс істейді. Қаржылық ресурстар мен технологиялар қолжетімділігінің төмен болуы себебінен, әйелдер өз мүмкіндіктерін кеңейте алмай, әлеуметтік кәсіпкерлік аясынан шыға алмауда. «Қазақстанның әйелдер күштері альянсы» төрайымының орынбасары Назгүл Макжанованың айтуынша,

жатып, шетелге кетеді. Тіпті шетел азаматтарына тұрмысқа шығуына да кедергі болмай тұр. Жиынға



Раушан Сәрсембаева



Әзиза Шужеева



Назгүл Макжанова

ЖАНЫ НӘЗІК, ІСІ МЫҒЫМ



қоғамдағы әйел мәртебесін, әл-ауқатын арттыру үшін оларға өз-өзін қамтамасыз ететін жағдай жасау керек. Ол: «Осы мақсатта альянстың құрамына 20-дан аса үкіметтік емес ұйымды біріктіріп отырмыз. Еліміздің әр аймағында әйелдердің ісімен айналысатын топ құрылады. Осылайша, жер-жерде әйел мәселесі кеңінен көтеріліп, нақты шара қолға алынады. Қазіргі таңда барлық қыз-келіншектер осындай альянстың бар екенінен хабардар болу керек.

✓ «Бүгінде қоғамда әйелдерге еңбек міндеттерін орындау кезінде ерлермен бірдей талаптар қойылады. Алайда, отбасылық-тұрмыстық қатынастарда ерлер басымдығының гендерлік стереотипінің сақталуы байқалады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы жағдайда ата-ананың екеуі де бала тәрбиесі мен үй шаруашылығын жүргізуге бірдей жауапты болуға тиіс. Бұл ретте, этномәдени бірегейлікті сипаттайтын отбасы дәстүрлері мен адамгершілік-рухани құндылықтарды сақтау өте маңызды».

(Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасынан)

«Қазақстан іскер әйелдер» қауымдастығының президенті Раушан Сәрсембаеваның айтуынша, қоғамда әйел рөлін арттырып, олардың саясатта, бизнесте, басқа да салаларда жоғарғы жетістікке жетуі үшін қолайлы жағдай жасалуы керек. Ол: «Әйелдердің көпшілігі өз құқығын білмейді. Тіпті көп әйел

тұрмыстық зорлық-зомбылық немесе жұмыс орнындағы келенсіздіктерді жасырып қалуға тырысады. Көпшілігі ерте тұрмысқа шыққандықтан, олардың білім алуы, карьера жасауы кешеуілдеп жатады. Ал ажырасқан аналар бала-шағасын асырау мақсатында ауыр жұмыс істеуге де мәжбүр болуда. Осы ретте «Қазақстан

Әзиза Шужееваның айтуынша, альянс ең алдымен арнайы бағыттар бойынша қызмет етеді. Ол: «Альянс ұсынып отырған бағдарлама бойынша әйелдердің құқықтары мен экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған нақты шаралар жүзеге асырылады. Жоспарға енген нақты бағыттар мыналар: әйелдердің

Әйел тағдыры — қоғамның тағдыры. Сондықтан болашақта жоспар бойынша нақты шаралар қолға алынады» — деді. Жас қыздар, нақты әлеуметтік мүмкіндіктерді көріп-білмей

қатысушылар бұл жағдайлардың барлығына үнсіз қарап отырмай, нақты іске көшкен жөн деген байлам жасады.

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Мейірбике – науқастың денсаулығына дәрігермен бірдей жауапкершілікпен қарайтын жанашыр жан. Дәрігер емінің нәтижелі болуы медбикенің ем-домды уақтылы көрсетіп, өз міндетін абыройлы атқаруына тікелей байланысты. Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында да мейірбике ісіне ерекше назар аударып, осы қызмет түрін дамытуға, жаңа серпінге көтеруге басты мән берілді. Осы орайда Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы, пульмонология бөлімінің аға мейірбикесі Шахинұр Сейітқызымен кездесіп, қазіргі мейірбике ісіндегі тың өзгерістер туралы әңгімелеп беруін сұраған едік.

Жас qazaq: Шахинұр Сейітқызы, медицина саласы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Дәрігер болу бала күнгі арманыңыз ба еді? **Шахинұр Мұхамедхаджиева:** Дәрігер болу — бала күнгі арманым деп айта алмаймын. Бала кезде әр түрлі мамандықты тандадық. Мектеп бітіріп қалаға келген кезімде, үлкен ағам екеуміз медициналық колледждің алдынан өтіп бара жатып, ақ халат кигендерге қатты қызыққаным бар. Біздің заманымызда таңдау мұғалім не болмаса, дәрігерге тірелуші еді ғой. Ағаммен ақылдасып, медицина училищесіне құжат тапсырдым. Мектепте үздік оқығандықтан, білім ордасына бірден емтихансыз қабылдандым. Аталған оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп, медбике мамандығы бойынша маман атандым. Училищені бітіргеннен кейін жолдамамен қазіргі Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына (ол кезде *Педиатрия институты аталатын*) жұмысқа орналастым. 1987 жылдан бастап осы орталықта жұмыс істеп келемін. Алғаш келген кезімде пульмонология бөліміне орналастым, содан бері 32 жыл бір

салада қызмет етемін. Жұмысымыз балалармен тығыз байланысты. 1988 жылы Арменияда болған алапат жер сілкінісінен зардап шеккендерге 3-4 ай медициналық көмек көрсетуге бардым. Бұл сапар да менің маман ретінде дамуыма үлкен септігін тигізді. Қыстың

30 жылдың ішінде пульмонология бөлімшесінде бірнеше жыл аға мейірбике жұмысын атқардым. Қазір ингаляция бөлмесіне жауаптымын. Өкпе дертіне шалдыққан балаларға кинезиотерапияны қолдану бөлімінде жұмыс істеймін. Бұл жана әдісті



бізге Ұлыбританиядан келген дәрігерлер шеберлік сағатында оқытып, жаңа аппараттарды қолдан тәсілін үйретті. 2010 жылы еліміздің денсаулық сақтау министрлігінің дипломымен марапатталдым. Ұзақ жылғы еңбегім бағаланып, 2018 жылы «Денсаулық сақтау үздігі» төсбелгісімен иелендім. Былтыр Англиядан келген мамандардың жүргізген практикалық сабағында мукковисцидоз кезінде тыныс алу жолдарын тазалау әдістері мен жаттығуларына қатыстым. Осының барлығы мені білім жетілдіруге, тәжірибе жинақтауға, жұмыста жауапкершілікті үйретті.

Жас qazaq: Қазір медицина дамыды, жаңа технологиялар жеткілікті. Сіз жұмысыңызды жана бастаған кез бен бүгінгі медицинаның арасында каншалықты айырмашылық бар?

Шахинұр Мұхамедхаджиева: Әрине, айырмашылық көп. Біз

✓ «Медициналық және мейіргерлік қызметті одан әрі дамыту клиникалық тәжірибенің, медициналық білім мен ғылыми қызметтің үштұғырлығын көздейді. Осы мақсатта медициналық қызметтер мен кадр даярлаудың толық оралымы қағидаты бойынша ғылыми ұйымдардың, медициналық ЖОО-ның, стационарлық және амбулаториялық ұйымдардың функциялық және ұйымдастырушылық бірігуінің негізінде интеграцияланған академиялық медицина орталықтарын дамыту тұжырымдамасы әзірленеді».

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)

жұмыстың басым бөлігін қолмен істейтінбіз. Екі бөлімшеде 35-40 баладан жататын. Қазіргідей компьютер жоқ, құжаттардың барлығын қолмен толтыратынбыз. Бірақ біз есжуақытта жұмыс ауыр демейтінбіз. Өйткені қандай жағдай

біразы жеңілдеді. Мұнда балалар бір ғана ауру түрімен келмейді, оларда қосымша дерттердің белгілері болады. Күрделі аурулардың алдын алу үшін дәрігерлеріміз әр балаға жеке ем-дом тағайындайды. Уақтылы дәрісін қабылдау, құрылғылармен емдеу секілді процестерді біз қалағалаймыз.

Жас qazaq: Сіздің ойыңызша, мейірбике жұмысын одан әрі жақсарту үшін не істеу керек? Маман ретінде пікірінізбен бөліссеніз? **Шахинұр Мұхамедхаджиева:** Қазір орталықта директорымыздың бастамасымен жаңа технологияларды үйренуге, мейірбикелерді шетелдерге жіберіп, керекті тәжірибе алмасуға көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар егу әдістерінің жана түрін ментеруге жағдай жасалды. Мейірбике мамандығын жетілдіруге баса назар аударылуда. Жоғары білімді



шетелден, көрші елдерден мамандар келіп, шеберлік сағатын өткізеді. Олармен тәжірибе алмасамыз. Бұрында вибрациялық массаж, ванналық массаж қолмен жасалса, қазіргі таңда белгілі бір құрылғылармен жасалады. Нәтижесінде бұрынғыға қарағанда қолмен жасалатын жұмыстың

мейірбике мамандығын игеруге көп көңіл бөлінуде. Жанадан келген мейірбикелерге арнайы сабақтар жүргізіледі. Осы жағынан келгенде, біздің орталық әрбір маман иесінің дамып, кәсіби маман болуына көп септігін тигізеді.

Макпал НОҒАЙБАЕВА



E-mail:
jasqazaq2019@mail.ru

5

Нұр-Сұлтан қаласындағы ірі де іргелі ауданның бірі – Сарыарқа. Шамамен 370 мың тұрғыны бар аумақта қыруар жұмыс тындырылуда. Аудан әкімі Ерғали Егемберді бұл төңіректе атқарылып жатқан сан түрлі шаруаны бізге тәптіштеп түсіндірді.

ЕСКІ ҮЙГЕ – ЖАҢА БАСПАНА

Сарыарқа жыл сайын жаңарып, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі жақсарып келе жатқан аудан. Ауыз толтырып айтарлық шаруаларды санамалап тауыса алмайсың. Әсіресе апатты жағдайдағы 70 үйді сүру бойынша үлкен жұмыс атқарылып, 1379 тұрғын жаңа тұрғын үй кешендерінен жайлы пәтер алды. Сол сияқты іргетасы өткен ғасырда қалаған 33 ескі үй сүріліп, олардың орнына 446 азаматқа пәтер берілді. Бұдан бөлек, тұрғын үй алаптарындағы көшелерді жарықтандыру бойынша тұрғындарды толғандырған мәселе түпкілікті шешілді. Әрине, қоныс тойын атап өткен әрбір шанырақ жергілікті биліктің жасаған қамқорлығына риза.

Айтпақшы, жаңбырлы күндері ел астанасында арықтың жоқтығы үлкен проблема тудыратын еді. Осыған байланысты 27 көшеге су ағатын кәрізі желісін жүргізу жұмыстары аяқталып, оның жалпы ұзындығы 7740 метрге жетті.

ӘКІМ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Ауданның әкімдігі тұрғындармен жиі кездесу



өткізіп тұрады. Жақында ғана аудан әкімі Ерғали Егемберді бас болып, тұрғындардың талап-тілектерін тыңдады. Алдымен «Ашық есік» күнін өткізудің маңызына тоқталған аудан әкімі аталған ауданда тұрғындармен кездесу үзбей, жиі-жиі өткізіліп тұратынына уәде берді. Ол өз сөзінде: «Мен ақпан айынан бүгінге дейін әр жұмада тұрғындарды қабылдап келемін. Апта сайын кемінде 20-30 адамның өтінішін бетпе-бет отырып тыңдаймын. Менен басқа бөлім менгерушілері де бұл іске белсене араласады. Олар әр бейсенбіде тұрғындарды қабылдайды. Сол сияқты әлеуметтік желі арқылы түскен шағымдар да уақытында шешіледі. «Ашық есік» күні бізді халықпен тығыз байланыстыратын алтын көпірге айналды. Есігіміз қашанда сіздерге ашық, уақыт тауып келсеңіздер де, сұраулы мәселелеріңізге жауап алуға мүмкіндік бар», — деді.

Аудан әкімімен «Ашық есік» күнінде кездесіп, түйткілді мәселелері ойдағыдай шешіліп, соған ризашылық білдірген қала тұрғыны Тұрсынғазы Ахметұлы: «Бұрын әкімге кіріп дат айтпақ түгілі, әкімшіліктің есігінен енудің өзі мұң болатын. Ал қазір бұл тосқауыл алынып тасталды. Қала әкімінің өзі бастап, оны аудан әкімдері жалпап, тұрғындарды қабылдағалы бері біраз проблема шешімін тапты. «Әкім бол, халқына жақын бол» деген осы болар», — дейді. «Ашық есік» күніне әкімдіктің білім, көлік, тұрғын үй, ішкі істер басқармасы секілді білікті орындардың өкілдері қатысты. Кейбір тұрғындар айтқан мәселелерге байланысты әкім жауапты мекемелердің қызметкерлеріне бірден тапсырма беріп, проблемаларды уақытында шешуді бұйырды.

Айта кетейік, Сарыарқа ауданында қазір 370 мыңнан астам тұрғын бар. Олардың шағындары мен талап-өтініштерін уақытында шешу үшін бұл аудан қоғамдағы белсенді тұлғалардан ұйымдасқан City manager-лерді де іске қосып отыр. Бұл туралы City manager-дің мүшесі Сайрағұл Аббасқызы: «Біз белсенді тұрғын ретінде Сарыарқа ауданының әкімдігімен бірге жұмыс істеп келе жатқанымызға 3 жылдан асты. Жыл басынан бері City manager ретінде 5 адам жұмыс істеп келеміз. Бесуіміз осы ауданның бес өңірін өзара бөліп алып, әрқайсымыз



САРЫАРҚА – ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

өзімізге тиісті тұстарда пайда болған мәселелерді дер кезінде жауапты мекемелерге жеткізіп, түйткілдің тез шешілуіне себепші боламыз», — деді.

«Ашық есік» күніне қатысқан жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Сәуле Нұрғожина ауданда жүргізіліп жатқан бастамалар туралы да қозғады. Оның айтуынша, қала бойынша жыл басынан бері жұмыссыздыққа

байланысты әлеуметтік қорғау шараларымен 539 мүмкіндігі шектеулі адам қамтылса, оның басым бөлігі аудан тұрғындарына тиесілі екен.

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ» – ЖАҢА ЖОБА

Аудан әкімдігі өткен жаз мезгілінің басынан қаланы көркейтуге арналған «Бюджетке қатысу» атты қанат қакты жобасын қолға алып келеді. Айтарлығы, мұндай бастама еліміздің ешбір өңірінде бұрын-соңды болмаған. Сондықтан, бұл бастаманың жай-күйі, қалай жүзеге асқаны туралы толығымен түсіндіріп өтейік. Жобаның ерекшелігі сол — тұрғындар өз аулаларын абаттандыру бойынша аудан әкімдігіне өз ұсынысын өткізеді. Бір айта кетерлігі, «Бюджетке қатысу» жобасының шарты бойынша ұсынылған әр жобаның құны 15 миллион теңгеден аспау керек. Нәтижесінде осы жобаның сараптама кеңесінің отырысы өтіп, онда ауданды көркейту мен дамыту бойынша тұрғындар ұсынған жобалар қаралды. Қорытындысында Сарыарқа әкімдігінің сайтына келіп түскен 22 жобаның 14-і іріктеліп алынды.

Ұсынылған жобалардың басым бөлігі — аулаларды абаттандыруға, балалардың ойын алаңдарын орнатуға, көгалдандыруға қатысты. Аудан әкімдігінің сайтында жарияланған жобаларға халық дауыс берді. Сарыарқа ауданының әкімі Ерғали Егемберді төрағалық

еткен сараптамалық кеңес ең көп дауыс жинаған жобаларды анықтап, олардың жүзеге асуына тиісті тапсырма берді. Ал нысандардың орналасатын жерін тұрғындардың өздері анықтады. Мәселен, сараптамалық кеңестің шешімі шығысымен оның мүшелері бірнеше мекенжайға барып, көшпелі кеңес өткізді. Соның бірі — Республика даңғылы, 74-мекенжайдағы балалар алаңының жобасы. Аталған жобаны ерлі-зайыпты Евгений және Светлана Трухановтар ұсынған еді. Бұл туралы Светлана: «Көпқабатты үйлерде тұратын көптеген отбасылар балаларды қайда қыдыртсам, ойнатсам екен деп бас қатыратыны жасырын емес. Бізді де бұл мәселе ойландырады. Ауламызда бала өте көп. Бірақ оларға ешқандай жағдай жасалмаған. Бүлдіршіндерге құммен ойнайтын алаң, сырғанақ, өткеншек арман болып келді», — дейді. Сондықтан жұбайы екеуі қазіргі заманға сай келетін балалар алаңының жобасын әзірлеп, аудан әкімдігіне ұсыныпты. Ал оның жалпы құны — 6 миллион теңгеге құрайды.

Осыған қатысты пікір білдірген аудан әкімі Е.Егемберді: «Балалар алаңының құрылысы біткеннен кейін жұмысты тұрғындардың өздері қабылдайды. Аланды күтіп-ұстау да тұрғындардың бақылауында болуы керек», — деді.

Жақында Сарыарқа ауданы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған жобаны қала басшысы Алтай Көлгінов өз көзімен көрді. Қала басшысының жобаға назар аударуы кездейсоқ емес. Елорда тұрғындарының өмірін жақсартуға бағытталған және көптеген жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік берген «Бюджетке қатысу» жобасы елімізде алғаш рет қолға алынғаны қуантады.



Балалар алаңдары жобаларына қатысты осыған ұқсас ұсыныстар Бейбітшілік көшесі, 60, К.Күмісбеков көшесі, 7/1, Д.Бабатайұлы көшесі, 9, 9-«А», Сарыарқа даңғылы, 29, І.Есенберлин көшесі, 11/1, 15/1 мекенжайлары бойынша келіп түсті. Ал «Возрождение» тұрғын үй кешенінің тұрғындары «Менің жайлы аулам — өмір сүргім келеді» жобасын ұсынды. Өз ұсыныстарының қызықты екендігіне жұрт назарын аударған тұрғын үй кешенінің белсендісі Роза Құспаева бізге былай деді: «Біздің үйдің манайында гараждар көп орналасқан. Оларды сүріп, орнына тұрғындар демалатын алаң салуды ұсындық. Жобаға мектеп жасына жетпеген балалар ойнайтын алаңқай, жасөспірімдерге арналған көгалдандырылған футбол алаңы, зейнеткерлер спортпен айналысу үшін тренажерлер кірді. Жобаның құны — 5 миллион теңге».

Жобалардың арасында жеңімпаз болғандардың бірі болып Еркебек Бактияровтың ұсынысы бар. Ең көп дауыс жинаған да (*1485 дауыс*) осы идея болды. Жоспар бойынша бұл №187 көшенің №21 және №23 үйлердің манайында салынуы тиіс. «Өзім инженер-құрылысшымын. Ұсынған жобам балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға бағыталады. Онда футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі алаңдары, жұмсақ төсеніштен жасалған жүгіру алаңы бар. Кішкентай балалар ойнайтын жер одан бөлек болады. Бұған қоса, әртүрлі тренажерлер де қарастырылған. Спорттық аула клубында балалар мен жасөспірімдерге ғана емес, әртүрлі жастағы адамдарға бос уақыттарын пайдалы өткізуге болады. Бұл жоба арқылы мыңнан аса адамды тұрақты түрде спортпен айналысуға мүмкіндік береді», — дейді Е.Бактияров.

«Бюджетке қатысу» жобасының игілігін шеткі аймақ тұрғындары да көреді. Атап айтқанда, жоба аясында «Көктал-1» кентінде ауланы абаттандыру мен көгалдандыруға қатысты бірқатар жұмыстар қолға алынады.

Жақында Сарыарқа ауданы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған жобаны қала басшысы

Алтай Көлгінов өз көзімен көрді. Қала басшысының жобаға назар аударуы кездейсоқ емес. Елорда тұрғындарының өмірін жақсартуға бағытталған және көптеген жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік берген «Бюджетке қатысу» жобасы елімізде алғаш рет қолға алынғаны қуантады.

Әкім дауыс беру нәтижесі бойынша абаттандырылатын 5 аулаға барып қайтты. Бұл жобалар «Балалар — біздің болашағымыз» (*Республика даңғылы, 74-үй*), «Балалар ауласын қауіпсіз ету» (*Бейбітшілік көше, 60-үй*), «Балалар бақыты» (*І.Есенберлин*

Жобаның ерекшелігі сол — тұрғындар өз аулаларын абаттандыру бойынша аудан әкімдігіне өз ұсынысын өткізеді. Бір айта кетерлігі, «Бюджетке қатысу» жобасының шарты бойынша ұсынылған әр жобаның құны 15 миллион теңгеден аспау керек. Нәтижесінде осы жобаның сараптама кеңесінің отырысы өтіп, онда ауданды көркейту мен дамыту бойынша тұрғындар ұсынған жобалар қаралды. Қорытындысында Сарыарқа әкімдігінің сайтына келіп түскен 22 жобаның 14-і іріктеліп алынды.

көше, 15/1 үй), «Жас және заманауи астананың балалары» (*І.Есенберлин көше, 11/1 үй*), «Менің жайлы қалалық аулам — осында тұрғын келеді» (*К.Күмісбеков көше, 7/1 үй*) деп

аталады. Сонымен қатар Республика даңғылы, 74-мекенжайындағы аулада балаларға арналған қос мұнаралы кешен, күрке үйшік, өткеншек, альпинистік қабілетін шыңдауға бағытталған көлбеу қабырға, құммен ойнайтын алаң және спортпен шұғылдануға арналған тренажерлер орнатылды. Мұндай алаңдар Есенберлин 15/1 және Есенберлин 11/1 мекенжайларға да қойылады. Сол сияқты Бейбітшілік көшесі, 60, К.Күмісбеков көше, 7/1 мекенжайларында балаларға арналған жаңа ойын алаңдары орнатылады. Әкім тұрғындармен сөйлесіп, олардың әлеуметтік жобаларға белсене қатысуының маңыздылығын атап өтті.

Айта кетерлігі, Сарыарқа ауданы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған бастама алдағы уақытта ел астанасының өзге аумақтарында да жүзеге аспақ.

СӘНІ БӨЛЕК САЯБАҚ

Сарыарқа ауданының Ә.Молдағұлова көшесінде «Жастар» саябағы ашылды. «1,4 гектар алаңға 200-ден астам түп ағаш отырғызылды. Барлық жастағы балаларға арналған спорт және ойын алаңдары салынды. Осы төңіректе 2000 адам тұрады, оның 400-ден астам балалар», — деп атап өтті Ерғали Егемберді.

Дәл осы манайда бұрын апаттық жағдайдағы 5 қабатты тұрғын үйі болған. Манайынан өткен жұртқа ыңғайсыздық тудырған соң сүріліп, орнына саябақ салынды. Ал осы маңға таяу жерде 15 мың студент білім алатын С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университет осы саябақ бар екенін айта кеткен жөн. Жастар жылы аясында қалада тағы бір қоғамдық орын пайда болды. Келесі жылғы жазда бұл жерде түрлі іс-шаралар өткізілетініне сенімдіміз.

Қорыта келе айтарымыз, Сарыарқа ауданының әкімдігі тұрғындар үшін игілігі мол жұмыстарды жалғастыра бермек. Аудан басшысы Ерғали Егембердінің айтуынша, атқарылатын шаруа көп.

Ғабиден ДОСЖАН,
Нұр-Астана қаласы бойынша меншікті тілші



Сұхбат

Қоғам белсендісі – «Табиғат» экологиялық одағының жетекшісі Мэлс Елеусізов күні кеше «Жасылдар» партиясын құратыны туралы мәлімдеген еді. Бұған себеп – экологияны жақсартуға билік тарапынан ешқандай талпыныстың жоқтығы мен экологиялық заңның әлсіздігі көрінеді. Осы орайда біз табиғат жанашырымен сұхбаттастық.

Jas qazaq: Мэлс аға, қоршаған ортаны қорғауға сіздің ұдайы алаңдап жүретініізді жұрт жақсы біледі. Ал партия құруыңызға не түрткі болды? Бұл бастама күйінде қалып қоймай ма?

Мэлс ЕЛЕУСІЗОВ, «Табиғат» экологиялық қозғалысының жетекшісі:

ҰСЫНЫСЫМ ҰЛҒИ АЯҚСЫЗ ҚАЛАДЫ

М.Елеусізов: Менің «Табиғат» жасылдар партиясын құрамын деуімнің арғы жағында үлкен мәселе тұр. Бізде заң дұрыс шықпайды. Парламентте партиялардың монополиясы орнаған. Сол үшін парламенттің ішінде заңды түрде қарсылық көрсететін партия болу керек. Саясатсыз, партиясыз ешқашан ештеңе істей алмаймыз. Партия құру арқылы ғана мақсатқа жетуге болады. Бастама аяқсыз қалмайды.

Jas qazaq: Партия құрдының делік. Әрі қарай...



М.Елеусізов: Бірінші кезекте жеке ұсыныстарымыз бен жоспарларымызды іске асыруға жол ашылады. Біз халықпен бірлесе отырып, біраз тірлік бітіре аламыз. Жеке жүріп ештеңе істей алмайсың. Бірақ партияға мүшелікке адам тарту да оңай емес. Ол үшін адамдардың санасын ояту керек. Табиғатты қорғаудың қаншалықты қажеттігін түсіндірген жөн. «Табиғат» экологиялық одағының партияға айналуы үшін кемі қырық мың қолдаушы табу қажет. Қалай десек те, табиғатты қорғауға әйтеуір біреулер атсалысуы керек қой.

Jas qazaq: Мэлс Хамзаұлы, жақында бір сұхбатыңызда «Қазір қимылдамасак, қырылып, жойыламыз» деп жұртты шошытып қойдыңыз. Шын мәнінде, сіз қандай апатты айтып отырсыз, оған еліміздің қаншалықты қатысы бар?

М.Елеусізов: Жер шары дөңгелек. Жердің бетінде қазақ деген ұлт тарихта танбаланған. Демек, біз әлемнің қай бұрышында зауал болса да, соның зардабын түбі тартамыз. Ештеңеден шет қала алмаймыз. Сондықтан мұны көңірек қарау керек. Мәселен, ғалымдар күннің жылынуы мен мұздақтардың еруі жыл сайын үдеп барады деп отыр. 9 рет дүниежүзілік саммитте болғанда да ауа райы қатты өзгеріп бара жатқаны айтылды. Жер шарының қызуы жарты градусқа көтерілді. Қазақстан одан шетте қалмайды. Ол көзге көрінбегенімен, бізде байқалып жатыр. Апат көбейді.

Jas qazaq: Біз табиғатты қорғауға қатысты көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болдық, бағалы құжаттарға қол қойдық. Қазір сол таппатарды қаншалықты орындап жатырмыз?

М.Елеусізов: Ештеңені де орындаған жоқпыз.Сөзден басқа ештеңе жоқ қазірге дейін. «Табиғат» одағы көп ұсыныстар берді. Президенттің өзіне бердік. Ол кісі тапсырма береді, төмендегілер оған еш көңіл бөлмейді.

Jas qazaq: Мысал үшін айтыңызшы, қандай ұсыныстар?

М.Елеусізов: Мен осы шаруамен айналысқаным 30 жыл болды. Жаманқұм деген бар осында. Қалдық су жиналатын қойма. Сол кетіп қалды. Үлкен апат болды. Ешкім қараған жоқ. 13 адам қаза тапты. Екі көпірді алып кетті. Одан да көп қырылатын еді, бірақ пойыз машинисі соны көріп, пойызды тоқтатқан. Әйтпесе сүнгіп кетсе, онда түк қалмас еді. Қасында Сорбұлақ деген көл тұр, сондай. Ол кетіп қалса, екі



ҰСЫНЫСЫМ ҰЛҒИ АЯҚСЫЗ ҚАЛАДЫ

ауданды түгел алып кетеді.

Jas qazaq: Қазір судың деңгейі қандай?

М.Елеусізов: Сол, бірқалыпты тұр. Мен болмағанда баяғыда кетер еді. Мен сол манда канал салуды айтқанмын. Бірақ олар басқаша әрекет етіп жатыр.

Jas qazaq: Сонда қалай? Су деңгейін қалай ұстап тұр?

М.Елеусізов: Ол жерге жазды су жіберілмейді. Ілеге тастайды. Сол жерде жасаған үш су қоймасына жинайды. Жер суғаруға алынып



жатыр. Бірақ онымен суғаруға болмайды. Ол сумен адам жемейтін, «техникалық культура» дейді, соны ғана суғаруға болады. Ағаш суғаруға болады дегендей...

Jas qazaq: Егістікті суғарып жатқан жоқ қой...

М.Елеусізов: Here? Суғарып жатыр. Қыстың күнгі су ғана Сорбұлаққа жиналады. Оң жағындағы каналмен жіберілсе, құбырлар қатып қалуы мүмкін.

Jas qazaq: Су лас болса да сүзгіден өткізіп, қайта пайдалану мүмкіндігі жоқ па?

М.Елеусізов: Мен ол мәселені де көтергенмін. Ешқайсысы орындалған жоқ. Бәрін жасап, бәрін бердік. Қазірге дейін сондай. Мен ағай көтеремін. Ақша бөлінеді. Оны талап кетеді. Қазір бөгет салып жатыр. Оның ешқандай пайдасы жоқ. Сорбұлақтан Күрті қоймасына дейін 15 шақырым. Сорбұлақтың да, Күртінің асты да құм. Су деген ақырын-ақырын ана жақтан шығып жатыр. Ол жерде жер сілкінуге мүмкіншілік бар. 9 балға дейін барады. Бөгет сәл шытынап кетсе, бітті.

Jas qazaq: Қазір елімізде қоршаған ортаны қорғаймыз деп ұрандатып жүргендер көбейді. Көкжайлаудың да жолын кестік. Табиғатты қорғау қып-қызыл бизнеске айналды деген пікірлер де айтылып қалады. Осыған қосыласыз ба?

М.Елеусізов: Әрине, мұның арғы жағында ащы шындық барын айтуымыз керек. Ондай бар. Мәселені шешейін деген ой жоқ. Ақша табуға келгенде басқаша. Көкжайлауды шығарып алды. Жай ғана ақша табу үшін. Ол жерде 300 жер телімі бар. Енді соны алу керек қой байлар. Екі жағынан, қоршап қойса, ешкім бара алмайды.

Қазір елімізде 300-ден аса түрлі ұйым мен қозғалыс өзін табиғат қорғаушылармыз деп есептейді. Бірақ бірде біреуінін жаңталасып жүргенін көрмедім. Сөзден басқа ештеңе жоқ. Біз ғана үлкен-үлкен ұсыныстармен

шықтық. Айталық, Көкжайлау бізден шыққан мәселе. Біз жоба жасағанбыз. Қазір Ыстықкөлге көп адам барады ғой. Жазда 10 сағат автобустың ішінде қайнап барады. Сондықтан біз таудың үстімен жүретін аспалы жол салуды айтқанбыз. Тура Шолпан Атаға дейін. Біздің жақта және Қырғызстан жағында асуда шаңғы курортын жасауға болады. Ол шетел туристері келетін нағыз қақпа болар еді. Одан әрі басқа көрші елдерге барады. Туристер осындайға қызығады. Жалғыз Қазақстан оларға қызық емес. Орталық Азия қызық, бір дегенде бәрін аралап шыққысы келеді. Еуропалықтар сондайға үйренген. Сондайға жол ашпақшы болдық. Президент тапсырма берді. Оны ешкім орындаған жоқ.

Үкімет көмектеспеген соң, табиғат қорғаушылар да қаражат көзін іздейді. Кейбіреуін халықаралық ұйымдар қаржыландырады. Қаттырақ сөйлегендерге ештеңе бермейді.

Jas qazaq: Табиғат қорғауға атсалысып жүргеніңізге отыз жыл болыпты. Тәжірибеніз

мол, тиісті шешім қабылдай аласыз. Құзырлы орындар сізді шақырып, ақылдасып отырмай ма?

М.Елеусізов: Кайдан... қайта олар менен қашып жүреді. Менің ұсыныстарым мен жоспарларым нақты. Ал жоғарыдағыларға ондай нәрсенін қажеті жоқ. Тіпті олардың неге бүйтетінін түсінбеймін. Менінше, бәрі көреалмаушылықтан туындайды.

Jas qazaq: Елімізде қоршаған ортаға қатысты проблема көп десенізші...

М.Елеусізов: Енді болашақта сусыз қалуымыз мүмкін. Су тапшылығы қатты сезіле бастады. Шөлейт жерлер соңғы 10 шақты жылда 4 есе көбейді. Қазақстанда мұздақтардың 44 пайыз еріп кетті. Елімізде 100 млн тонна тұрмыстық қатты қалдық жиналған. Оның тек 20 пайызы ғана қайта өңдеуден өтеді. Осыдан кейін ойланып көріңіз...

Jas qazaq: Экологиялық жағынан нашар аймақтар мен қалалар туралы не айтар едіңіз?

М.Елеусізов: Барлық қаламыз таза болып тұрған жоқ. Алматының жағдайы өте жаман. Өскемен бұрынғы заманнан келе жатыр. Астананың өзінде адам дем ала алмай кетті. Бұрын жел соғып тұратын, қазір ол да жоқ. Парламентте экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті деген бар. Бірақ оның дауысы естілмейді. Сол үшін партия керек. Саясаттағы монополия бәрін құртады.

Jas qazaq: Кезінде қатты қалдықтармен күрес жүргіздіңіз. Бұл бастаманың соны қалай аяқталды?

М.Елеусізов: Қиратып тастады ғой. Біздің ұсынысымыз керемет ұсыныс болды. Дүниежүзінде жоқ зат. Қазірге дейін бізден озып кеткен жан жоқ. Кейбір ұсақ-түйек әкімдерге, сонда істеп жүрген адамдарға коқыс керек қой. Одан пайда тауып отыр. Еш қиындығы жоқ. Келген машинеге ақша төлейді де кетеді. Ақша деген саналмайды. Көп ақша.

Қазір Алматының төнірегінде 9 ірі полигон орналасқан. Былайша айтқанда, коқыстың ішінде көп зат бар. 40-тан астам құнды зат кездеседі. Мен бұл мәселені 20 жылдан бері білемін. Қоқыс зиян. Сондықтан оны өңдеу керек.

Jas qazaq: Алматыда коқыс өңдеу зауыты салынып еді ғой...

М.Елеусізов: Ашылды да, құрыды ғой. Ол жай ақшаны айналдыру ғой. Одан ешқандай пайда болмады.

Jas qazaq: Осыған байланысты тиісті мекемелерге нақты ұсыныспен шығып көрдіңіз?

М.Елеусізов: Мен хат жазған, барған жерімді санап тауыса алмаймын. Отыз жылдағы ойларымды әлі күнге іске асыра алмай жүрмін. Жоғарыдағылар тек өз жоспарларымен ғана әрекет етуге дағдыланған.

Jas qazaq: Табиғатты қорғауда қандай отбасылық үлгі көрсете алдыңыз?

М.Елеусізов: Табиғатты қорғау керектігін менен көп айтқан адам жоқ. Бірақ қабылдамайды. Сіресіп қалған нәрсе. Партия құра алсақ қана тыңдата аламыз. Қазіргі Президентіміздің айтқандарын тыңдап жүрмін. Дұрыс бағыттар бар. Тапсырма берсе, орындауға әзірміз.

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Өз сөзім

Қазір бізде көзге көрінбейтін, ақыры қайда апарып соғары белгісіз бір «майдан» жүріп жатыр. Ол «руға бөліну», «руын мадақ ету», «руын көтермелеу» дейтін бәсеке-жарыс. Бұл ұлтымызға көптен бері кенедей жабысып, ынтымағымызды, бірлігімізді бұзып келе жатқан көне дәрт. Тұтас бір халықты шырмауына түсірген қызыл індет.

Кесепат кесел қазір әлеуметтік желіге де еніп үлгерді. «Қане, кім қай рудан, жазайық!», «Ортамызда пәлен рудан отыр ма?» деген сияқты репостарды жиі кездестіресіз. Мақсат не – түсініксіз. Кейбір аймақтарда



көбірек шоғырланған рулардың өкілдері жиналып алып, өздерінің «президенттерін» (рубасыларын) сайлап алған. (*Президент – латынша praesidens «мемлекет басшысы» деген мағынада. Сонда әлгі «президенттердің» кішігірім бір-бір «мемлекетті» басқаратын болғаны ғой?*). Жік-жікке бөліну осыдан бастау алады! Мұндай ұйымдар өз руларының шежіре кітаптарын шығарып, ат шаптырып, ас беріп, өз аталастарынан шыққан «атақтыларын» әулие, би, шешен етіп, көше атын беріп насихаттап жүр. Рушылықтың белең алғаны, әсіресе сайлау қарсаңында немесе әлдебіреу лауазымды тұлға шенді орынға отыра қалса, қаттырақ сезіледі. Ешкім де алдымен оның азаматтығын, іскерлігін сөз етпейді, «қай жүз, қай рудан екен?» деп сыбырласа бастайды. Қызметке тартса да, марапатқа ұсынса да, қабілетіне емес, шежірелік туыстығына, ағайын-азаматтығына айрықша мән береді. Осыдан пәлен жыл бұрын қазақ күйлері мен әндерін жинақтаған А.Затаевичтің: «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында: «...обыкновенно казахи любят и признают только напевы и мелодии своего рода, своего аула и волости, отрицательно и даже враждебно относятся к прочим» деп таң қалуы осының айқын айғағы іспетті.

Қанды қырғын шайқастарда жауына қарсы бір атаның баласындай біріге ұмтылған, 1986 жылғы желтоқсанның ызғарлы суығында отаршылық пен өміршіл жүйеге қарсы ұлттаса ұйысқан қазекем, енді жайшылықта, бейбіт заманда жүзге, руға неге бөлінгіш? «Ата тегін білгенде не тұр?» дейді бұған біреулер. Ата тегін, жеті атасын ғана білуді мақсат еткендер үй ішінен үй тігіп, рулық ұйым құра ма? Тақ пен лауазымға тек өз руласының отыруын қалап, астыртын әрекеттерге бара ма? Қалай десек те, руға бөліну бізге абырой әпермесі анық. Тіпті шек-шекаранды білмейтін өнердің өзінде де жершілдікке, рушылыққа бөліп алу әрекеттері байқалып жүр.

Әрине, туыстығы жақын адамдардың қаны араласпау үшін отау құрғалы жүрген жастардың өз тегін білгені айып болмас, бірақ осыны бұлтартпас желеу етіп, ру мен тайпаға бөліну тамыры бүтін қазақ үшін жақсылық әкелмейтіні анық. «Бөлінгенді бөрі жейді» дейді мұндайда қазақ. Біз – бір Қазақпыз! Тұтас ұлтпыз! Қазақстанды мекендеген өзге халықтармен бір туыспыз! Іргесін ешкім сөге алмаған, сөге де алмайтын Мәңгілік елміз!

Бекжігіт СЕРДАЛЫ



Салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене тәрбиесінің маңызы зор. Бәріміз де жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде көргіміз, олармен мақтанып жүргіміз келеді. Одан бөлек, ұл-қыздар арасынан мықты спортшылар даярлап, оларды халықаралық жарыстарда ел намысын қорғауға әзірлеу өз алдына жауапкершілігі мол жұмыс. Сондықтан қазіргі қыз-жігіттердің болашағына зор сеніммен қарап, үміт артатындар көп.

Осы орайда елімізді әлемдік аренада спорттағы жетістіктерімен әйгілеп, көк туымызды биікте желбіретіп жүрген жас өрендер жетерлік. Оларды жарысқа барынша баптап, жеңіске деген құштарлығын оятуда спорт мектептерінің қосар үлесі зор. Сондай білім ордаларының бірі де бірегейі – Алматыдағы Шаңырақ ықшамауданында орналасқан «Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі. Біз кеше аталған спорт шаңырағына арнайы барып, ондағы балалар өмірімен таныстық.

«Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» алғашында 2007 жылы Үкімет шешімінің негізінде «Спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат» болып ашылды. 2012 жылы «Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды.

6 жаттықтырушы спорт шеберлігіне үміткер», — деді.

Ғимараттың құрылымына келсек, оқу-әкімшілік корпусы, жатақхана, асхана және медициналық орталық, спорт кешенінің ғимаратынан тұрады. Мекеменің материалды-техникалық базасы халықаралық стандартқа сай салынған. Сондай-ақ спорт кешенінде 8 жолақты жүзу бассейні, семсерлеу залы, күрес залдары, жаттығу залы,

грек-рим күресінен әлем және Азия чемпионы (45 кг). Қаһарман Қисметов грек-рим күресінен 23 жасқа дейінгі жастар арасында әлем және Азия чемпионатының қола

жүлдегері болды. Сонымен қатар мектебіміздің түлектері — бүгінде атакты спортшылар: бокстан әлем чемпионы және кәсіпқой боксшы Жәнібек Әлімханұлы, қыздар арасындағы бокстан 2 дүркін әлем чемпионы Назым Қызайбай, грек-рим күресінен әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері — Мейрамбек Айнағұлов., үстел теннисінің үздігі Кирилл

Герасименконың есімдерін ерекше айтқым келеді», — деді.

Осы спортшыларды жетілестіруге жетелеген, рухын көтерген



Ernar
ТАЛАСБЕКҰЛЫ



өткізіліп тұрады. Мысалы, Жақсылық Үшкөмпіров, Ермахан Ыбрайымов, Арман Шілманов, Елдос Сметов, Канат Ислам сынды танымал спортшылар осында қонақта болып тұрады. Әрине, олардың әрбір жүріс-тұрысы, ақыл-кеңесі, пікірі болашақ спортшылар үшін сабақ болары даусыз. Ең бастысы — тәртіп, білім, спорт қағидасын берік ұстанған оқу ордасынан әлі де талай танымал жастар шығарына сенімдіміз. Мекеме тіршілігімен танысу барысында оқу ордасында балалары білім алып жатқан ата-аналармен кездесіп, пікір алмастық.

Кездесу соңында Ернар Таласбекұлы: «білім ордасында

ЧЕМПИОНДАР ӨСІП КЕЛЕДІ



Саматбек ІЗІМҒАЛИ, грек-рим күресінен кадеттер арасында Азия және әлем чемпионы:

«Спортта жоғары нәтижеге жетуім ең алдымен осы мектептегі тынымсыз жаттығудың жемісі деп ойлаймын. Әсіресе жеңіс тұғырында тұрғанда көк туымыз желбіреп, әнұранымыз орындалған сәтте толқымау мүмкін емес. Спортта ең алдымен белгілі бір тәртіпті сақтап, бапкерді тыңдап, мықты дайындықтың нәтижесінде жоғарғы көрсеткішке жетуге болады.

Мектепте спортқа басымдық берілгенімен, сабақты да жақсы оқуға тиіспіз. Мұнда белгілі бір күн тәртібі бар».

Колледждің аумағы 6,3 гектар. Құрылтайшысы — мәдениет және спорт министрлігі мен спорт және дене шынықтыру істері комитеті. Бізді оқу орнының директоры Ернар Таласбекұлы ең алдымен мекеменің тыныс-тіршілігімен таныстырды. Оның айтуынша, мекеме спорттың 13 түрінен болашақ Олимпиада және әлем чемпиондарын дайындау мақсатында жұмыс істейді. Бұл спорт түрлеріне бокс, қыздар боксы, еркін күрес, грек-рим күресі, әйелдер күресі, үстел теннисі, суда жүзу, садақ ату, таэквондо, ауыр атлетика, байдарка мен каноэде есу, семсерлеу, каратэ-до жатады.

Елімізде жақсы дамыған бокс, ауыр атлетика, күрес түрлерінен бөлек, садақ ату, семсерлеу, су спорты түрлеріне де көп көңіл бөліп жатыр екен. Олардан күткен нәтижелер де жаман емес. Осы төңіректе сөз қозғаған Ернар Таласбекұлы: «Спорт мектеп-интернат колледжінің мақсаты — стандартқа сәйкес білім беруді қамтамасыз ету, орта білімнен кейінгі кәсіби білім беру жүйесін жетілдіріп, спорт салаларына арнал кәсіби мамандарды, сонымен қатар ұлттық құрама сапына спорттық резерв даярлау. Мұнда қазіргі уақытта 380 оқушы мен 60 студент білім алуда. Қызметкерлер саны — 312. Оның ішінде: мұғалім — 26, оқытушы 8. Балаларымыздың денсаулығына 5 дәрігер, 7 медбике жауап береді. 18 тәрбиеші мен 67 жаттықтырушы бар. 7 жаттықтырушымыз — Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушы, 3 жаттықтырушы — халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 34 жаттықтырушы — спорт шебері,

кітапхана, оқу және компьютерлік сынып бар.

Мекеме басшысының айтуынша, оқушылар мен тәлімгерлерге барлық жағдай жасалған. Ең бастысы — оқушыларға 5 мезгіл құнарлы ас беріледі. Сонымен қатар медициналық орталық қызметкерлері әрбір оқушының денсаулығын күнделікті қадағалап тұрады. Спорттық жаттығуларға басымдық берілгенімен, оқушылар білім және ғылым министрлігі бекіткен стандартқа сай білім жүйесімен оқытылады.

Мекеме басшысы Ернар Таласбекұлы мектеп оқушылары мен колледж тәлімгерлерінің жоғарғы жетістіктерін мақтанышпен атап өтті. Ол өз сөзінде: «2018-2019 оқу жылы мектеп спортшылары үшін табысты жыл болғанын атап өткім келеді. 2018 жылы жастар арасындағы Олимпиада — 1 күміс, 23 жасқа дейін әлем чемпионатында — 1 күміс, Азия чемпионатында — 3 алтын, 5 күміс, 9 қола. Барлығы 19 медаль алдық.

2019 жылы әлем чемпионатында — 1 алтын, Азия чемпионатында — 1 алтын, 6 күміс, 6 қола. 23 жасқа дейінгілер арасында 1 қола. Барлығы 14 медальді иемдендік. Оның ішінде Дамир Тойбай бокстан +91 келі салмақта 2018 жыл жастар арасындағы Олимпиада ойындары мен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, жастар арасында Азия чемпионы атанды. Олжас Құлажан (70 кг) каратэ-до спорт түрінен калеттер арасында Азия чемпионы. Жастар арасында Игорь Ряшенцев байдарка мен каноэ есуден Азия чемпионы. 2019 жылғы кадеттер арасында Саматбек Ізімғали



«Стратегиялық маңызды міндеттер – елдің барлық өңірінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері желісін жоспарлы дамыту, спорт түрлерінен спорт федерацияларымен ынтымақтас спорт секциялары мен клубтары қызметін жандандыру арқылы дене шынықтыру және спорт саласында қосымша білім беру жүйесінің дамуын ынталандыру».

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

жаттықтырушылардың аты-жөндерін де атап өткен жөн. Айталық, грек-рим күресінен Саматбек Ізімғали мен Қаһарман Қисметовтың жаттықтырушысы Жарқын Тұрсынов, бокстан Дамир Тойбайдың жаттықтырушысы — Бақыт Алпысбаев, Жәнібек Әлімханұлын баптаған Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы Мұрат Сикымбай, Назым Қызайбайдың жеке бапкері — Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы Жұмабек Әмірзақовтың орындары бөлек азаматтар.

Мекемеде жас спортшыларды жетілестіру мақсатында еліміздегі белгілі спорт шеберлерімен де кездесу



↓ АТА-АНА ПІКІРІ ↓

Салтанат ЖҮСІПОВА:

«Спорт мектебінде балам 7-сыныптан бері оқиды. Қазір 11-сыныпта. Өзі боксты өртеден таңдаған болатын. Осында келгенге дейін бокстан жүлделі орындар алып жүрді. Бұл мектепке түсіруіне өзі сөбепші болды. Оқуға аттестациядан өтіп, барлық талаптарды орындаған кейін түсті. Қазір 11-сыныпты жақсы нәтижемен аяқтағалы отыр. Ұлым «Алтын белгіге» үміткерлердің бірі. Колледж баланың сапалы білім алуын да қадағалайды. Тәрбиешілер, жаттықтырушылар, ұстаздар барлығы бір-бірімен тығыз жұмыс істейді. Мектеп формасы мен спорттық киімдер тегін беріледі. Осының барлығы оқуға құштарлықты оятады».

Шерхан АЙДОСОВ:

«Менің ұлым ауыр атлетика бойынша 8-сыныпта оқиды. Мектепке биыл қабылдандық, 1,5 ай ішінде байқағаным, мектепте тазалыққа ерекше мән беріледі. Смартфоны оқушылар қолданбайды. Олардың алаңсыз білім алуына, жаттығуына барлық жағдай жасалған. Бес мезгіл тамақпен қамтамасыз етілген. Ең бастысы – тәрбиешілері де өте тәжірибелі мамандар».

Гүлнұр ТҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ:

«Қызым ауыр атлетика спортын таңдады. 7-сыныптан бастап осында. Ең алғаш осы мектепке түсірген сәттемізде қыз бала болғандықтан, қатты қобалжығанымыз да рас. Бірақ мұнда барлық жағдай жасалыпты. Медициналық орталық 24 сағат жұмыс істейді. Қызым ауыр атлетика саласында жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орындардан көрініп жүр».

Әсия СҰЛТАНБЕКОВА:

«Бұл мектепте оқушылар жылына бір рет аттестациядан өтеді. Медицина мамандары мен тәрбиешілер жаттықтырушылар бірігіп, оқушылардың білімі мен жетістіктерін сараптақ салады. Мысалы, бір баланың сабағы нашар болғанымен, спорттан мықты болуы мүмкін. Осы секілді мәселелер бір мезетте талқыланып, әр баланың мүмкіндіктері тексеріледі. Қызым таэквондо бойынша 8-сыныпта оқиды. Қыз бала болғандықтан, спортқа беруге қарсы болдым. Бірақ қызым өзі талаптанып, жаттықтырушылары қолдап, осы мектепте тәрбиеленіп жатыр».



Дамир ТОЙБАЙ, бокстан ауыр салмақ бойынша жастар арасында Азия чемпионы, 2018 жылы Аргентинада өткен Олимпиаданың күміс жүлдегері:

«2017 жылдан бастап осы спорт мектебінде оқыдым. Биыл осында колледжде 2-курста оқимын. Қазір еліміздің ұлттық құрама сапындамын. Спортта жеңіске жетуі үшін ең алдымен тәртіп пен еңбек керек. Өйткені тәртіп болса, бәрі болады. Тәртіптің ішіне еңбек, білім, талмай жаттығу секілді қағидалар кіреді. Ең алдымен, осы оқу орнының басшыларына, тәрбиешілері мен бапкерлерге үлкен алғыс айтамын. Болашақта өмірімді спортқа арнап, Олимпиада чемпионы атанғым келеді. Қазіргі таңда Токиода өтетін үлкен додаға жолдама алу үшін дайындалып жатырмын».

жана мүмкіндіктерді сәтті іске асыруымызға қолғабыс беріп, жанашырлық көрсетіп отырған мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова мен вице-министрлер Елдос Рамазанов, Нұрғиса Дәуешов және спорт және дене шынықтыру комитетінің төрағасы Серік Сәпиевке алғысымызды айтамыз», — деді.

Міне, Алматының орталығынан шеткерірек орналасқан «Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі былайғы жұрттың көзіне түсе қоймағанымен, мұнда ұлан-ғайыр тірлік бітіп жатыр. Осында білім алумен қатар, спортта бак сынағысы келген болашақ спортшылар да, үмітін үкілеген ата-аналар да еш өкінбейді. Ал бабында жүрген бапкерлер болса, қол астындағы келешек жетімпаздардың әр күнін босқа өткізуге жол бермейді. Олардың тынымсыз еңбегі, мандай терлері өз өтеуін беруде. Соған шүкіршілік еткен мамандар қанатын қолдаған шәкірттерінен көп үміт күтеді. Сол үміттің ақталарына бізде кәміл сенеміз. Өйткені, мұнда чемпиондарды даярлаудағы ұшан-теңіз шаруаның барлығы тиянақты атқарылатындығына көз жеткіздік. Бүгінінен ертеңі нұрлы спорт орталығының түлектер ел намысын қорғауда әрдайым алда бола береді.

Макпал НОҒАЙБАЕВА
Фото: Ержігіт ИБРАГИМОВ





Бахаргүл Төлегенқызының есімі елге танымалы бері де 20 жылдың жүзі болды. Қолөнер мен кәдесыйдың қадірін білетін кәсіпкердің аты-жөнін «100 жаңа есім» жобасынан көргенімізде, ұзақ жылғы еңбегінің ақталғанын көз жеткізгендей болдық. Ол шын мәнінде халқымыз қастерлеген өнердің бағасын

Бахаргүл ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Әдемі-Ай» ұлттық кәдесый компаниясының басшысы:

Халық мұрасы



білетін,
ұлт
құндылықтарын
насихаттаудың тосын жолын
тапқан іскер адам.

Бұл туралы «Әдемі-Ай» ұлттық кәдесыйлар компаниясының басшысы, әрі «Әдемі-Ай» ұлттық мұражайының директоры Бахаргүл Төлегенқызы былай дейді: «Жобаға мені өнеріме тәнті болған замандастарым ұсынды. Халықтың қалаулысы атанып, зор қолдауына ие болғанымға ризамын. Еңбегім бағаланды. Алайда жауапкершілік жүгі де ауырлады. Мәні мен маңызы ерекше жобадан топ жарған соң, қазіргіден де жақсы жұмыс істеуге ұмтылып жатырмын. Өйткені, халықтың көз алдында жүріп, есімің елге танылғаннан кейін көш соңында қалуға болмайды».

«Көш соңы» дегені — жай тұспал. Әйтпесе іскер келіншек бұрынғы шабысынан тайған емес. Қайта «100 жаңа есім» жобасы қанат бітіріп, жиган-терген дүниесін жарқырата жарнама жасалды. Өмір жолы тек өнегелі соқпақтан тұратын ол бүгінде бүкіл қазақтың алғысын алып отыр. 20 жылдан бергі жиган-терген жәдігерлерін жұрт назарына ұсыну ниетімен 2011 жылы алғаш рет жеке мұражай ашты. Содан бері оны елге тегін көрсетіп келеді. Атадан балаға жалғасып келе жатқан байырғы өнер мұраларын, қымбат та қастерлі жәдігерлерді көрген сайын іскер келіншектің ұқыптылығына қайран қаласыз. Зергерлік бұйымдар, тұрмыстық, киіз үй жабдықтары, қару-жарақ секілді бөлімдерден тұратын мұражайды бір көрсеніз, қайталап бара бергіңіз келеді. Барлық зат — ата-бабамыз сан ғасырлар бойы көзінің қарашығындай сақтаған дүниелер. Салт-дәстүрді көрсететін әшекейлер, көз майын тауысып жасалған өнер бұйымдарының әрқайсысы ұлттық болмысты айқын аңғартады. Ол: «Осының бәрін жас ұрпақ көрсе, көңіліне бірнәрсе түйсе, ұлт мұраларын ұмытпаса екен деген оймен жинап жүрмін. Осы арқылы да көне мен бүгінгі заманның арасы қалай жалғасқанын көруге болады. Жастар бойында өнерді сүюге ықыласты осылай оята алсам, арманым жок. Тарихты білмей, келешекке қадам басу қиын. Осындай қымбат дүниелерді шашау шығармай, бүгінгі ұрпаққа саф алтындай жеткізгеніме тәубе деймін», — дейді сөз арасында.

Көрме тек көркем дүниелерден тұрады. Әр зат алтынмен апталып, күміспен



«Әдемі-Ай» ұлттық кәдесый компаниясының басшысы:

қастерлі



көмкерілген десек те жарасалы. Барлығында бабаларымыздың қолтанбасы бар. Мұндай дүниелерді қазіргі кезде халық арасынан табу қиын. Әрбір жәдігер — тарихымыз, мәдениетіміз, этнографиямыз. Сондықтан, бағалы бұйымдарды болашаққа аманат етуді басты борышы санайтын Бахаргүл қолдағы құндылықтарын жыл сайын «Ұлт

✓ **Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн.**
«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы.
Жобадан нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады.

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)

жауһарлары» деп аталатын жеке көрме ұйымдастыру арқылы да насихаттап келеді. Ондағы мақсаты — өскелең ұрпақ ата-бабаларымыздың мәңгілік мұраларын біле жүрсін деген ой. Алтын да, асыл да сандықтың түбінде жатпауы тиіс. Оны халыққа көрсеткенде ғана жарқырай түседі. Осындай бағалы заттарды жана заман талабына сай өзгертіп, әдемі кәдесый ретінде шығару қолға алынған. Ойлап отырған кісіге халық мұрасы арқылы да әлемге танылуға болады. Мұндай дүниелер туристерге саудаланып қана қоймай, әрбір қазақтың шаңырағында тұруы тиіс. Кәдесый көп болған сайын, мәдениетіміз де биіктейді.

Біз бұл арқылы туризмді дамытуға, туристерге қызмет көрсетуге атсалысып, кәсіпкерліктің дамуына түрткі бола аламыз. Айталық аталған компания қазірдің өзінде 50 шақты адамды жұмыспен қамтып отыр. Болашақта кәдесый, музейдегі қымбат қазыналарымызды шетелдерге шығаратындай деңгейге жетуді мақсат етіп қойған ұжым рухани жаңғыруға осылайша үлес қосып келеді.

Бахаргүл бүгінгі биікке табандылық пен еңбекқорлығының арқасында жетті. Ол Бейжің ауыл шаруашылығы институтының биология факультетінде оқыған. Каланы қылдыруға шыққанда көне бұйымдар мен кәдесый сататын дүкендерге жиі баратын. Қытай халқы ежелгі тарихына, мұраларына ерекше көңіл бөлетіні студент қызды ойға қалдырады. Болашақта ұлтымыздың да асыл бұйымдарын туристерге таныстыруды, сатуды армандайды. Оқуды бітірген 1994 жылы атажұртқа, оның ішінде Алматыға ат басын тірейді. Алайда оны Алатау етегінде ешкім күтіп тұрмағаны еді. Базар аралап, кәдесыйлардың сиқын көрген Бахаргүл бірден ұлттық бұйымдар шығаруды жөн көреді. Бұл оған жат нәрсе де емес еді. «Әуелі менің өскен-өнген ортам бояуы қанық қазақы отбасы-тын. «Күс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, мен ес білгенде көргенім көркем кесте, андағаным ағаш аяқ-табақ, келі-келісап... Осылай бала кезден көзім қаныққан дүниелер түбі ансатпай қоймады. Демек, менің бүгінгі бизнесім, яғни кәдесый бұйымдарды сатуым — сол бір ескінің көзін, бағзының берекесін ансаудан туған дүние», — дейді ол.



Алғашында кәдесыйға халықтың көзін үйретті. Ал 2002 жылы Алматыдан екі бөлмелі шағын дүкен ашқанда, сөрелерде самсап тұрған жәдігерлерге келушілердің ықыласы бөлек еді. Сол жылдары бұл дүкенге өзіміз де бас сұққанымыз бар. Мұнда келгендер отбасындағы көне зергерлік заттарын әкеліп те беріп жатты. Сөйтіп, құнды дүниелер біраз жылда мыңнан асты. Ақыры осы жәдігерлер 2011 жылы Алматыда «Әдемі-Ай» атты жеке музей ашуға себепші болды.

Жәдігерлердің дені — қазақ халқының байырғы қолданбалы өнер туындылары. Сәндік зергерлік бұйымдар, жауынгерлік керек-жарактар, жылқы жабдықтары, ескі тиын секілді артефактілер. Ең көне



жәдігер — біздің жыл санауымыздың

II ғасырында, яғни Қарахандықтар дәуірінен сәл ілгері қазіргі Құмыл ойпатында өмір сүрген ежелгі үнді мәдениетін ұстанушы Кушар патшалығы шығарған тиындар, XI ғасырдың мұрасы қыш-керамикалар, сонымен қатар Қазақ хандығы кезеңіне тән темір сауыт-саймандар, XIII-XVI ғасырларда жасалған зергерлік өнер туындылары. Алматыдағы Республика алаңындағы «Алтын адам», Астанадағы «Бәйтерек» пен Тәуелсіздік монументі секілді дүниелер де бүгінде әдемі кәдесыйға айналды. Одан кейін Исатай мен Махамбеттің және Тараз қаласының кескіндемесі, Тайқазан, Қорқыт баба кесенесі секілді кәдесый көпшілік көңілінен шықты.

2011 жылы Алматы — Астана қалаларында өткен Азиада ойындарына қажет кәдесыйларды, Астанада өткен ЕҚЫҰ-ның саммиті кезінде шетелден келген қонақтарға арналған веб-сувенирді «Әдемі-Ай» компаниясы жасағанын барша жұрт білмеуі де мүмкін. Кәсіпорынның тапсырысымен жасалған әрбір зат сапа жағынан да ерекшеленеді. Осынысымен құнды.

Бахаргүл Төлегенқызын кезінде Елбасы қабылдап, кәсіпкер қыздың ұлтымыздың мәдени мұрасын сақтап, зерттеп, жәдігерлерді насихаттап жүргеніне жоғары баға берген еді. Содан бері мемлекеттік маңызы бар дүниелерге де баса назар аударған коллекционер-этнограф Бахаргүл шынында да бақытты жан. Осы еңбегі үшін Мәдениет қайраткері, еліміздің 30 танымал арулары қатысқан «Қазақстан әйелі — 2010» атты жоба жеңімпазы атанды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Қазақстанға еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. «Ұлт жауһарлары» фотожинағының авторы.


Жолдасбек ДУАНАБАЙ

БӨРЕКЕАДІ: Кинорежиссер Ермек Тұрсыновтың «Шырақшы» фильмі АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында өткен дүниежүзілік Азия кинофестивалінің байқау бағдарламасында көрсетілімекші.

«Шырақшы» - Америкада

Жылда өтетін байқаудың — AWWF-тің биылғы президенті болып актриса Мерьям Узерли сайланды. Ол Осман империясы туралы түсірілген «Ғажайып ғасыр» фильмі арқылы танымал. Қазылар құрамында жерлесіміз Гүлшат Омарова бар. Кинофестиваль барысында қазақ режиссерлерінің фильмдерін көрсету жоспарланған. Ал «Шырақшы» фильмі көрермендер назарына конкурстық бағдарламада ұсынылады.

AWWF атқарушы директоры Джордж Чамчун кинофестивальдің басты миссиясы туралы: «Бұдан бес жыл бұрын, тіпті тамаша оқиғаның миссиясын



орындауға қадам басқанымыз күні кеше секілді еді. Енді осы бастама шындыққа айналды. Азия — Голливудтың басты назарында. Голливудта азиялық орта өсіп келеді. Жыл сайынғы жаңалықтар бізді қуантпай қоймайды», — делі.

Биыл Голливудтағы шетелдік баспасөз қауымдастығы (HFPA) мен дүниежүзілік Азия кинофестивалі алғаш рет «Қар барысы» деп аталатын

стипендиясын алғаш рет азиялық жаңа режиссерге бергелі отыр. Ол таңдаулы 12 қысқа фильмінің арасынан іріктеледі. Ал қонақ ретінде танымал режиссерлер мен актерлер шақырылған.

Фестивальдің қазылар алқасы жеңімпаздарды бес сала бойынша анықтамақшы. Олар — «Үздік фильм», «Үздік актер», «Үздік актриса», «Қазылардың арнайы жүлдесі» және «Қазылар жүлдесі».

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

АА ӘЙТПЕСЕ: Сыры бөлек сүйек

Атырау облысындағы Индер ауданына қарасты Есбол ауылы маңында Жайық өзенінің жағасынан белгісіз алып жауардың сүйегі табылды. Оның суреті әлеуметтік желілерде жарияланысымен жұрттың қызығушылығын тудырды. Индер ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, оны тауып алған Досбол Байғалиев есімді азамат екен.



Бұл олжа туралы Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің бас маманы Айдос Кәрімов ол ненін сүйегі, қай замандарда өмір сүрген мақұлық екенін айтып беретін мамандар экспедициялық жұмыстармен жүргенін хабарлады. Музей директорының орынбасары Сая Ғазимова болса, бұл жәдігерді арнайы зерттеу қажеттігін айтты. Әзірше тосын сыйдың тарихы белгісіз болып тұр.

БАСПАСӨЗ – 2020

«JAS QAZAQ» газетінің оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2184; Бағасы келісім бойынша Апталық таралымы — 8 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сіттемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	--	--	---